

А 2005
6024

ҚАЛТАЙ
МҰХАМЕДЖАНОВ



2

ҚАЛТАЙ МҰХАМЕДЖАНОВ

ПЬЕСАЛАР ПОРТРЕТТЕР
ӨНЕР ЖАЙЛЫ ОЙЛАР



**ҚАЛТАЙ
МҰХАМЕДЖАНОВ**

**ПЬЕСАЛАР ПОРТРЕТТЕР
ӨНЕР ЖАЙЛЫ ОЙЛАР**



**ЕКІНШІ
ТОМ**

**АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
1998**

821.512.122-2

ББК 84 Қаз 7
М 82

Құрастырған Ә. Жұмабай


Мұхамеджанов Қ.

М 82 Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 2-т. Пьесалар. Портреттер. Өнер жайлы ойлар.— Алматы: «Атамұра», 1998.—320 бет.

Қалтай Мұхамеджанов — озық драматургиялық туындылар берумен қатар, драматургия саласының әр жанрына қалам тербеген жазушы.

Қаламгердің үш томдық шығармалар жинағының екінші томына: комедиялары, театр тарихы туралы зерттеулері, қазақ сахна өнері жайлы сын мақалалары енгізілді.

ISBN 5-7667-5846-4 т 2
ISBN 5-7667-5876-6



М $\frac{4702250000-062}{418(05)98}$ без объявл. 1998

ББК 84 Қаз 7

ISBN 5-7667-5846-4 т 2
ISBN 5-7667-5876-6

© Мұхамеджанов Қ., 1998
© «Атамұра» баспасы, 1998

МЕНІҢ ІНІМ

Қалтай алғаш мені аға тұтып, сәлем бере келгенде уылжып тұрған бала жігіт еді. Ол Москвадан оқу бітіріп, театр маманы болып қайтты. Асқар Тоқмағамбетовпен қосылып белгілі тәжік жазушысы С. Айнидің «Құлдарын» аударып үлгіріпті. Сұраса келе екеуміз бір өзеннен су ішкен, бір қаланың тәлім-тәрбиесін алып өскен, қызылордалықтар болып шықтық. Айырмасы сол: мен жиырма жыл бұрынырақ, ол жиырма жыл кешігіңкіреп туыпты.

Біз кездескен бетте-ақ жатырқаспай, тосырқаспай табыстық. Біріміз аға, біріміз іні тапқандай сезіндік.

Кісі ұзақ уақыттар бойында көп нәрселерді ұмытады. Бірақ көп нәрселерді ұмытайын десе де ұмыта алмайды. Адамның сыйластық, қимастықтары да осы естен шықпас, ескірмес нәрселерге байланысты. Қазақта: «арамыз суып кетті» деген сөз бар ғой. Бұл өте дәл және терең айтылған сөз. Адам бірін-бірі жылыту арқылы ғана жақындасады, достасады, онда аралары суымайды. Бірін-бірі жатсынардай халге жетпейді. Демек, адам өзін жылытушыларды жоғалтып алмас үшін көрісуі, өз жылылығымен оларды қызықтыра да білуі керек.

Біз Қалтай екеуміз осы бағыттағы аға мен іні болуға тырыстық; алысырақ кетсек жақындасуды, ұғыныспай қалсақ мақұлдасуды ойладық. Осының бәрі қимастық дегеннің жемісі еді.

Мен ең алғаш Қалтаймен табыса кеткеннен-ақ оның жүрегіме ұялаған ақ жарқындығын сезіндім. Қалтай «аға» деген сөзді де өте жұмсақ, барынша жылы айтады. Мен оның сөзіндегі жылылықты көзінен де көрем. Көрем де қуанамын.

Қалтайдың кеудесінде өмірде сарқылмайтын алтын ұядай — күлкі ұясы бар. Сол ұядан оның сүйгеніне де, сүймесіне де арналған күлкілері кезектесе ұшып тұрады. Мен Қалтайдың белгілі бір шығармаларға жазған пародиясын көрген емеспін. Ал құрбы-құрдас-тарының іс-әрекеттеріне, мінез-қылықтарына, сөздеріне жасайтын пародиялары (әзіл-мазақтары) көл-көсір. Кейде ол ағаларының да жүріс-тұрыстарын айнытпай келтіріп, сөз нақыштарын олардың өз дауыстарымен жеткізеді. Сонда еріксіз күлесің, күле отырып үлкендердің де осал, босаң жерлерін танығандай боласың. Меніңше адамның келешегіне күлудің екі түрі бар. Бірі — көргенін көргенше, өсірмей, асырмай, сол болған қалпында көрсе, біз бұған да күлеміз. Қисықтың, қыңырдың жеке бір өрескел мезеттерін натуралдық қалпында қайталау — бізді еріксіз езу тарттырады. Бірақ ол бізді күлдіре отырып ойландырмайды, есімізге бөтен ештеңе түсірмейді. Қалтай тіпті басқа. Ол кімге де болса өзінің этикалық және эстетикалық тұрғысынан қарайды. Адамды ақын, суретші боп отырып тану Қалтайдың да негізгі қасиеттерінің бірі. Оның жүйрік фантазиясы өз назарына түскен құбылыстарды зорайта да, кішірейте де біледі: сол сияқты ол құбылыстарды қалағанынша жарқырата да, күңгірттей де алады. Соның арқасында Қалтай сүйген достарын жарқырата, ірілендіре отырып күледі, ал сүйместерін ұсақ-түйек, татымсыз бір-денелерге айналдырады.

«Ой, жолбарысым-ай!» деп әзілдейді Қалтай кейбір құрбыларына.— Енді біреулерге: «ой, данышпаным-ай!» дегенін де естіп жүреміз. Соның бәріне де күлеміз, өйткені біздің көз алдымызда жолбарыс болғысы келетін мысықтар мен данышпан болғысы келетін мылжындар тұрады. Сондықтан болу керек, Қалтай маған домбырамен ән салып жүрген әншілер, әйтпесе күйшілер сияқты көрінеді. Жаратылысты, қауымды, қайғы-қуаныштарды, адам қылықтарын ақынша қабылдағыш Қалтай өз түйсігін жасыра алмайды, қас қағымда-ақ соның бәрі оның жан сырына, сезім күйіне айналады. Біз табанда суырып айтатын импровизаторға кездесеміз.

Қалтай адамның ішін аңғарғыштығымен қабат сыртын да танығыш. Кейде ол кісінің сырт пішініндегі көріністерді скульпторша қабылдап, дәл түсіндіретін ат беріп жүреді. Сонда біз көңілдене мүсіншінің де күлдіргіші болады екен-ау десіп қаламыз. Ол біреуді тазының күшігіндей десе, енді біреулерді аюға, атанға, ешкіге теңеп сөйлейді, соның бәрінде де адамның пішіні мен мінез ұқсастықтары айнымай жетіп жатады.

Біз Қалтайдың осы қасиеттерін, оның комедиялық пьесаларынан түгел көреміз. Ол күлкілі оқиғалармен қатар, күлкі шақыратын мінездерді де сахнаға оп-оңай шығарады. Адамның белгілі бір ортаға жараспайтын, қонымсыз қылықтары мен әдеттерін көрермен қауымға ұсына қоюға Қалтай өте шебер. Ондай персонаждар өз кемшіліктерін аңғартпау үшін, өзі білмейтін, танымайтын мәселелер туралы да білгір, айтқыр болуға тырысады. Біз одан бетер күлеміз. Қара көңіл адамдардың ақ көңіл боп сөйлейтіні, қорқақтың батырсынуы, әлсіздің күштісінуі, ойдың, қылықтың одағайлықтары, көңілі күңгірттік пен тілі қысқалықтар, толып жатқан осындай нәрселер Қалтай комедияларында мол-мол орын алады. Мұндайларға Қалтай күліп, мысқылдай қараса, қауым қасиетін кірлететін, адамды қорлайтын тағыларға қарайтын көзі тіпті бөлек: оларға отты, кекті көзімен қарайды, олар туралы ашулы, ызғарлы тілмен сөйлейді.

Талант — талантты табады. Ел-елдің жүйріктері мен озаттары бірлесіп еңбектесе ол халықтарымыздың да, заманымыздың да жарастығы. Әуезов Мұхтарды ағасындай, ұстазындай таныған (елдерге де солай танытқан) Шыңғыстың, Қалтаймен бірлесуін, ортақ ойларды бірге жазысатын дос болуын өзім үшін де мақтан көремін.

Қалтай театр өнері туралы неше алуан мақалалар жазған автор, ол қазақшалаған пьеса, романдар да аз емес. Солардың ішінде оның өте сүйіп, қызықты аударғандары Шыңғыс Айтматовтың повестері. Мен Шыңғыстың «Ақ кемесін» кезінде орыс тілінде журналдан оқығам, кейін қазақ тілінде Қалтай аудармасы бойынша қайта оқыдым. Оқыдым да өз тілімізде зор жаңа дүние туғандай қуандым.

Әбділда Тәжібаев.

ПЬЕСАЛАР

БӨЛТІРІК БӨРІК АСТЫНДА

Үш перделі, бес суретті комедия

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Маяковскийдің даусы

Жәмілә
Сапар
Әнуар
Сұңғат

} студенттер

Марфуға — Сұңғаттың әйелі.

Арыстан — Жәміләнің немере ағасы.

Қатра — Жәміләнің шешесі.

Бекен — Сапардың немере ағасы, шопан.

Сайлаубек — фотокорреспондент.

Жұпар — көрші кемпір.

Раушан — Сапардың әйелі.

Ахмет — Сапардың әкесі.

Баршагүл — Сапардың шешесі.

Тапал — комбайнер.

Боранкүл — колхозшы әйел.

Алексей — зоотехник.

Оқиға бір замандасымның басынан өткен.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Шымылдық ашылмас бұрын көңілді музыка аздан соң ауыр сарынға көшіп, қайтадан салтанатты серпінге ауады.

Маяковскийдің даусы:

«...Дүние

көктем көркіндей

шырайлы,

Дүние тағы да

гүлдермен безенді.

Әйелдер туралы,

махаббат жайлы

Мәселе

шешілер

кез енді,

Парадқа барғышпыз,

өлең де оқимыз,

Мінбеде суырылып сөйлегіш-ақпыз.

Бірақ та

жауырды

жаба тоқимыз,

Кейде тым көне қол ұсақпыз.

Біреулер қонады

бір гүлден бір гүлге,

Ұшады самғайды,

тыным жоқ сорлыда

Жоқ,

біздер татумыз,

бір жерде тұрамыз.

Былғаныш болмасын

ішің мен тысың.

Тазалық үшін дабыл ұрамыз,

Сақтаймыз

достық пен

махаббат күшін».

БІРІНШІ СУРЕТ

Шымылдық ашылады. Гүл алаңы. Алыстан Алатаудың қарлы сілемдері шалынады. Ертеңгі уақыт. Өткен-кеткен машиналардың сигналы оқтын-оқтын естіліп тұрады. Анда-санда бақ аралаған жастар көрінеді. Жәмилә мен Сапар сахна төрінен шығады.

Сапар (қолындағы гүлін Жәмиләнің омырауына қадап жатып). Қандай тамаша! Гүлге гүл қосылса одан сайын құлпырады емес пе!

Жәмилә. Дұрыс, мақтауың жетті. (Сапар ұмтыла бергенде, жүгіріп барып орындыққа отырады.)

Сапар. Қыздардың осы әдеті-ай! (Жақындай береді.)

Жәмилә. Немене? Қыздардың қылығы қажытқан адамша сөйлейсің ғой?

Сапар (Жәмиләнің жанына келіп отырып). Жоқ, жарасымдылығын айтамын, қызығым да, қуанышым да бір өзің демедім бе? Сенің көңілді көркіңе көз тоймай, күмістей күлкіңе құлақ құрышы қанбай өтетін шығар бұл дүниеде.

Жәмилә (Сапардың шашын сипап). Сен кейде осындай тәтті сөздер айтқанда, жауап таба алмайтыным неліктен екен, ә?

Сапар. «Ғашықтың тілі — тілсіз тіл.

Көзбен көр де ішпен біл», — деп Абай айтқандай, мұның жауабы сол тілсіз тілде.

Жәмилә. Таптың, таптың! (Ойланып.) Әрдайым саған көп нәрсе айтқым, көп нәрсе білгім келеді. Ал кездескенде сол ойлардың басы құралмайды.

Сапар. Ол жағдай менің де басымда бар. Әлі талай сыр айтылар... Арман, қиялдарын жұртқа ашуға ертерек, әрі ұят санап жүретіндер бар емес пе! Әр сыр, әр мақсаттың айтылу кезеңі туады.

Жәмилә. Мысал үшін?

Сапар (абыржып). Мысал үшін бе? Мысал үшін мынаны алайық. Мен... Сен бірақ күлме. Мен сыншылығым Белинскийдей болса деп арман етемін. Сенің де атақты тарихшының бірі болғың келмей ме? Осының бәрі толғағы жеткенде туатын сырлар емес пе?

Жәмилә. Әрине, бірақ «Ақын болмау еркінде, азамат болу борышың» демей ме Некрасов?

Сапар (құшақтап). Айналайын ақылыңнан. (Сөзді бұрып.) Мына гүлдерді қарашы?! Жыл сайын жасарады. Талай жүректің сырына куә болып қайта қуарады. Адам өмірі де неге осылай жаңарып тұрмайды екен? Есіңде ме, комсомол жиналысынан шығып келе жатқанда, сырымды алғаш осы жерде айтып едім-ау! Оған да бір жыл өтті. Бұлар қайта гүлдеді. «Танимыз сендерді, құтты болсын тойларың!» деп тұрғандай.

Жәмилә. Ол күнді мен ұмытпаймын. Төрт ауыз сөз айтып тоқсан күрсінгенің әлі есімде. «Сүйем» дегенде даусың дірілдеп,

берекең қашып еді. Қазір сенің «сүйем» дегенің «сәламатсыз ба» дегендей оңай тартып барады.

Сапар. Ал сен ше? Танысқалы «Сапар, сені сүйемін» деп бір айттың ба? Енді екі күннен кейін тойымыз болады.

Жәмилә. Той күні айтам. Сүйемін Сапарымды деймін.

Ерекше кінген Арыстан шығады.

Арыстан (Сапарға). Уәделескен соң күту керек қой. Мен келсем, сен де жоқ, қыз да жоқ. (Сапарға үндеме дегендей ишарат білдіреді. Жәмиләға қарап.) Пардон махаббат. (Күрсіне қабағын тыжырып.) Тыңдаңдар махаббат деген не? Эх, Эмилия, Эмилия! Москвада бір испан қызымен таныстым. Кеуде кептер иық!.. Көз бен кірпік! Мәрмәр мойын! Аяқ, қол... Ғажайып! Қысқаша айтқанда оның сымбатын салуға Рембрандтың да шамасы келмейді! Жалпы ертегіде болмаған дүние! Вальс, фокстрот — көз тұнады. Эмилиямен бір билеу мәңгі-бақи бақыт, ләззат! А рокинролл. (Билейді.)

Сапар. Өзің бірге биледің бе?

Арыстан. Талай рет!

Жәмилә. Ендеше мәңгі-бақи бақытты емессіз бе?

Арыстан. Әңгіме махаббатта!.. Мен сендерге шынын айтсам. Эмилия билегенде Уланованың дәл өзі деп қаласың.

Жәмилә. Эмилия қазір үлкен театрда ма?

Арыстан. Жоқ... консервный заводта технолог, күйеуге тиген, баласы бар. Қойшы, қолдан кеткен соң бәрібір. (Екі-үш қыз өтеді.) Пардон! Бикеш! Қыз... (Жүгіре басып кетеді. Сапар мен Жәмилә оны мазақ етіп күліседі.)

Сапар. Сүйем Сапарымды дедің бе? Бұл сөзді де еститін күн бар екен ғой! Енді мен бақыттымын. Өз аузыңнан, өз құлағыммен естідім. Бұдан былай қатал тағдыр дозағын арнай берсін маған. Кірпік қақпай қарсы аламын.

Жәмилә (еркелеп). Сапаш, дозақты аңсамай тұра тұр.

Сапар. Әрдайым ойымыздың осылай тоғысып жатқанына қуанам. Жар сую, үлгілі семья болу да бақыт қақпасына апаратын даңғыл жол. Өткен өмірімізде, келешегімізде де бұрылыстар, қателесулер болуы мүмкін. Сол шақта кешірімді бол, әрі ақылшы болғайсың, Жәмилә.

Жәмилә. Онсыз өмір бола ма?.. Біріміздің қатемізді біріміз жөндеп, ақылдасып отырмасақ, ынтымақ қайда?

Сапар. Ах, Жәмилә! Бұдан былайғы өмірімді саған арнаған адаммын. Сенсіз өткен уақыттарымның да бар желісін кейін алдына тартам. Өмір қиын ғой, Жәмилә!.. Сонда ағат басқан қадамдарым болуы мүмкін. Қорғаушым да, кешірім ететін төрешім де өзің боларсың.

Жәмилә (сезіктеніп). Немене? Қылмысты адамша қиыла қалғаның? Адам өлтіргендей сонша таусылғаныңа жол болсын!

Сапар! Адам түгіл, тышқан мұрнын қанатып көргенім жоқ. Бар тілегім — қатем болса кешір, кешірем деші!

Жәмилә. Жарайды, солай-ақ болсын, онда не тұр?

Сапар (аймалап). Рақмет, Жәмиләш! Бүгіннен бастап сенің

қолыңа тағдырымды бердім. Ақыл-ойым да, арман-тілегім де сендік, уәде ме?.. (*Жәмилә үнсіз, басын изейді. Сапар лепіріп.*) Тауға айда, тасқа сал, қажымаймын. Сен үшін бәріне де барамын. Сенің махаббатыңды жанымға қуат, еңбегіме нәр, қиялыма қанат, тіршілігіме тірек деп санаймын. Сенсіз жерде жанда дәрмен, еңбекте береке, қиялда қазына, тіршілікте мән бар деп ойлама. Бар айтарым осы.

Жәмилә (*ойланып*). Сапаша! Адал жүрегіңмен ақтарыла айтып отырғаныңа сенем. Мен де өз сырымды айтайыншы. Қалтқысы болмасын. Сені сондай жақсы көремін. Бірақ кейде бейтаныс адам сияқты көрінесің. Барлық көңіл түкпіріңді көре алмайтын сияқтымын. Бір түрлі әрі жақын, әрі жат...

Сапар. Жәмиләш...

Жәмилә (*Сапарды құшақтап аузын басып*). Жоқ... Жоқ... Сапар, ренжіме, мен қайдағы жоқты айтып тұрмын. Өзің білесің ғой. Жүрегім лүпілдеп алып барады. Қайдағы бір ойлар келеді. Айтшы, маған ренжімейсің ғой...

Сапар. Ренжімеймін, Жәмиләш. (*Құшақтап сүйеді.*) Ал енді сен бара бер. Мен үйге телеграмма беріп келейін. Олар да қуансын.

Жәмилә. Сұңғаттың үйінде кездесерміз. (*Кете береді.*) Көп кешікпе.

Сапар. Жарайды. (*Жәмилә кетеді. Сапар басын ұстап қайта отырады. Аздан соң қойнынан хатты алып ашып жатып.*) Е, Сапар дос!.. Үлкен сын үстінде тұрсың, мықты бол! Не жазды екен бұлар! (*Хатты оқиды.*) «Ардақты жаннан артық көруші баламыз Сапар!..» Біздің үйдің хаттары ылғи осылай басталады. «Біз де құдай деп жүріп жатырмыз...» Сол құдайларыңның пайдасы шамалы-ау... «Торбайтал мертiгiп, жарты етiн баспаққа айырбастадым...» Әбден дұрыс болыпты... «Жұманазардың қызы көршi совхоздағы бiр тракториспен қашып кеттi...» Қарасы батсын!.. «Ал, балам, келiннiң айы жақындады». (*Күрсiнiп.*) Пәлесi ендi басталды! Сорлы басым одан сайын шырмала түспесе жарар едi?... «Сонда қызметке қалам деген екенсiң, қарсылық жоқ. Түсiмде кездiк тауып алып жүрмiн, құдай қаласа келiн ұл табар?!» Сол дым тапшай-ақ кетсе деп едiм, амал не?.. «Нәрестенiң бұғанасы қатқан соң алып қаламын да, келiндi жаныңа жiберемiн». Мәссаған. «Сау-сәлемет бол, тiлектес әкең Ахмет». Бүйткен тiлегiң құрысын! (*Хатты жыртып-жыртып, гүлдiң арасына лақтырып жiбередi.*) Құдай бұйырса Раушан баласын жетектеп әкесiнiң үйiне барар. (*Ойланып*). Ендi қайттiм?.. Жоқ, Сапар, өзiң мықты бол!.. Шынтуайтқа келгенде, сен түгiл ортан қолдай жазушы да, артис те, айта берсең академиктердiң де әйелiнен ажырасып жатқандары, тiптi екi-үш қайтара үйленгендерi де бар. Бақсақ ол да өмiрдiң заңы. Ертең аспирантура!.. Кандидат, доктор! Кiм боп кетейiн деп жүрмiн, жаным-ау! Раушан екi қабат болмақ түгiл төрт қабат болса да, менiң қазiргi рухани дүниеме нәр бере ала ма? Мен үйленгенде колхоздың есепшiсi едi ол, әлi сол күйi. Ал, Сапар ше? Қой... Ендiгi жерде Сапарға керегi Жәмиләдай оқыған, мәдениеттi адам. Әкесi де Алматының мықтысы, тым болмаса сол мықтының көмегiмен де бiраз жерге барамын ғой. Қап! Жап-жақсы басталған нәрсе едi. Мына бiр пәленiң берекенi қашырып тұрғаны-ай!

Бірақ іздеп келіп жанжал шығаратын жігер Раушанда жоқ. Елде өскен қыздардың осындай ұяң мінезі жақсы-ау. *(Ойланып.)* Мықты бол, Сапар! Шешуші сағат таяу! Жүрегі жарылып кетсе де телеграмма беруге тура келеді.

Кетеді. Пауза. Сахнаның екі жағынан Қатира мен Жұпар шығады.

Қ а т и р а. Ау, сен қайдан жүрсің?

Ж ұ п а р. Мына бұрыштағы магазинде қазнаның етін сатып жатыр екен, кеспеге қара жоқ! Ет шабатын жылтыр қара таныс қой, ширетсіз алдым да, саған құтты болсын айтайын деп бұрылып едім. Ие, қуаныш қайырлы бола берсін.

Қ а т и р а. Рақмет! Айжанның үйінен шыны аяқтар алуға бара жатыр ем. Кімнен естідің? *(Екеуі орындыққа отырады.)*

Ж ұ п а р. Ел құлағы елу, жақсылық жата ма, дұрыс жасағансың, қыз жиырмадан асқан соң, үйде отыруы өзіңе де, үй ішіне де ауыр.

Қ а т и р а. Туған баласын кісі ауырсына ма? Әйтеуір өздері жарасса болды да.

Ж ұ п а р. Қызды құтты жеріне қондыру оңай емес, қосағымен қоса ағарсын!

Қ а т и р а. Айтқаның келсін. Үлкен қызымдай бақытты болса, арманым жоқ. Жолдастарының бәрі мақтайды Сапарды. Жәмилә да теңі болған соң ұнатқан шығар.

Ж ұ п а р. Ойбай-ау, о не дегенің. Теңі болмаса жолай ма бұл заманда. Біз сорлы ғой баяғы, үйіне келгенше күйеуіміздің жүзін анықтап та көргеніміз жоқ.

Қ а т и р а. Қойшы, сенде қай-қайдағыны айтпай!

Ж ұ п а р. Өтірік пе, онан да жиырма жыл кеш тумаған екенбіз де.

Қ а т и р а. Кеш туғанда қайте қояр едің?

Ж ұ п а р. Көңіл шіркін емес пе, жүрмес пе едік осылардай шалқақтап.

Қ а т и р а. Құдай төбеңнен ұрсын, алжиын деген екенсің. Сен болмасаң қаланың өсегін кім айтады.

Ж ұ п а р *(ренжіп)*. Жақын тартып естіген-білгенімді айтсам, өсек көресің!

Қ а т и р а. Сырың белгілі ғой, Жұпар.

Ж ұ п а р. Ол құрғырды қайбір жетіскендіктен айтады дейсің. *(Сөзді бұрып.)* Үлкен қызың екі қабат деп еді, босанды ма?

Қ а т и р а. Шүкір, бір немереміз бар.

Ж ұ п а р. Жасаған-ау, бар қуаныш сенде екен ғой.

Қ а т и р а. Қуаныштан айырмасын, Күләй босанған күні күйеу балам телефон соқты. Қуанғаны даусынан-ақ белгілі. Қайта-қайта «апа, әке болдық» дей береді.

Ж ұ п а р. Енді қайтсін, тұңғышына кім қуанбайды. Марқұм біздің үйдегі осы Шарапатжан туғанда: «Жұпар ұл тапты» деп жеңгелері сүйінші сұрайды ғой баяғы. Сонда сасқанынан аузындағы насыбайын жұтып жіберіп, өліп қала жаздаған.

Қ а т и р а. Қайтсін, сендер де кешігіп көрдіңдер ғой баланы.

Ж ұ п а р. Ойбай-ау, естідің бе?

Қ а т и р а. Тағы немене?

Ж ұ п а р. Тұраштың баласы да Мәскеуде ғой, нашар оқыған соң Арыстанды өнберсеттен шығарады деп отырған. Туысымды жамандады деп ренжіме, өзі берекесіз бала-ау деймін шамасы.

Қ а т и р а. Әйтеуір бір бәлесі бар, ашып айтпайды.

Ж ұ п а р. Ата-анасы да тәуір адамдар. Өзі де әжептәуір жігіт, о несі екен?

Қ а т и р а. «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтедінің» заманы қалған жоқ па? Өз санасына бермеген соң бәрібір жынды бота сияқты өмірі өтеді.

Ж ұ п а р. Оның рас, баяғы банкіде істейтін жуан қарынның баласы кәрменшік болып кетіпті.

Қ а т и р а. Сенің балаң оқыған, қатардағы азамат. Солар сияқты масыл болса қайтер едің? Шүкіршілік ет.

Ж ұ п а р. Атай көрме? Шүкіршілік еткенде қандай?

Қ а т и р а. Ойбай-ау, сенімен сөз бітпес. *(Келе жатқан Сапарды көріп.)* Былай кетейік, балалар келе жатыр екен.

Ойға шомған Сапар шығады. Сахнаның орта шеніне шығып өзіне-өзі.

С а п а р. Хабар бергенім бекер болды ма? Осы асығыстықтан-ақ елетін болдым. Шыдай тұрған да дұрыс екен-ау! Бірақ біреуден естігеннен гөрі өзімнен телеграмма барғаны ә дегеннен бетін қайтарып тастауға дұрыс. Болар іс болды. *(Сайлаубектің кіргенін байқамай.)* Мықты бол, Сапар, мықты бол.

С а й л а у б е к. Молодец! *(Сапар селк ете қалады.)* Тс... тс... Сен заговор дайындап отырғаннан саумысың?

С а п а р *(абыржып)*. Қайдағыны айтпа, бір нәрсе сезіп пе едің?

С а й л а у б е к. Тс... тс... бауырым... Мен сезсем, алдымен өзім айтамын ғой. Мықты бол, Сапар, мықты бол дегеніңді тегін дей алмай отырмын.

С а п а р. Семья құру оңай ма, достым!..

С а й л а у б е к. Иә, сол ма еді. Үйлену деген сонша қауіпті болса, бізге де айтып қойсайшы, жоламайық пәлеге!

С а п а р. Қауіпті емес, жауапты қадам.

С а й л а у б е к. Тс... тс... ешкімге айтпа, мен жалпы жауапкершілік дегеннен ат-тонын ала қашатын адаммын. Ал сенің мына абыржуыңа қарағанда, үйлену дегенің осал дүние болмады. Өз басымызға мұндай күй түссе, жынданып кететін шығармыз. Аулақ жүрейін, аулақ!..

С а п а р. Табиғат заңы, бұл құрыққа ілінбей кетпейсің.

С а й л а у б е к. Тс... тс. Өйтіп жүрегімді ұшырма. Жұбан деген ағамыз табиғат заңының тұмсығына бір теуіп, қырық беске келгенше үйленбей жүр. Енді үй болуы... Әй білмеймін-ау...

С а п а р *(орнынан тұрып)*. Жарайды, ерік өзіңде, тойға келесің бе?

С а й л а у б е к. А как же, поздравительный телеграмма да аларсың.

С а п а р. Рақмет! *(Кете береді.)*

С а й л а у б е к. Тс... тс... стоп! Тойыңның қарсаңында сфотогра-

фировать етуге рұқсат ет! (*Жалма-жан аппаратын ыңғайлай бастайды. Сапар галстугын жөндеп, байсалды кейінде тұра қалады.*)

Сапар. Ескерткіш болсын!

Сайлаубек (*кейін шегініп, аппаратына бір қарап*). Былайырақ тұр, гүлге таман... так, так, стоп, башпайыңнан басыңа дейін түсіремін, все, рақмет!

Сапар. Саған да рақмет!

Сайлаубек. Тойыңды түсіруге 3—4 каток пленка арнадым. Голық бір альбом... Тартуым да сол болар саған!..

Сапар. Одан артық тартудың қажеті жоқ. Сау бол.

Кетеді.

Сайлаубек. Жалпы басы бар жігіт... Әнуар сорлы ашық ауызданып жүріп, Жәмиләдан айрылып қалды. Мына қу қағып кетті. Бәле өзі?! Жәмилә да Әнуарды сүйген жоқ. Ал, мен болсам, көрінгеннен сезіктеніп стоп-стоп, так-такпен өмірім өтетін қу аяқ шығармын. Жәмиләдай қыз түгіл, жөні түзу біреуге кездесем жарар еді-ау!

Сахнаның төрінен қолтығында кітаптары бар Әнуар өтіп бара жатады.

Сайлаубек (*айқайлап*). Әнуар, бері кел! (*Өзіне-өзі.*) Сүйген қызыңның тойы біреумен болғалы жатқанда, қайбір оңып жүр дейсің.

Әнуар (*сәлемдесіп*). Тағы да этюд түсірейін деп жүрсің бе?

Сайлаубек. Басқа не кәсіп бар менде?

Әнуар. Оқуға кететін болдың ба?

Сайлаубек. Документтерімді операторлар даярлайтын факультетіне жібердім, әлі хабар жоқ. (*Сыр тартқысы келіп.*) Настроение қалай?

Әнуар. Қалай болушы еді, жақсы.

Сайлаубек. Жәмилә тойына шақырды ма?

Әнуар (*ойланып*). Жоқ... Шақырмаса да барам, отырам. Жақсы тілек айтам Сапарға, әрине барғанымды іштей ұнатпайды. Амалым қанша, Жәмиләнің Сапарға шығайын деп жатқанын мен де ұнатпаймын.

Сайлаубек. Бәрі өзіңнен, қандай тамаша қыз еді, айрылып қалдың.

Әнуар. Сен де тамаша жігітсің, айрылып қалдың деген сөз бола ма екен! Адамның сезімін байлап ұстайтын құдіретің болса, көмектесе ғой маған!..

Сайлаубек. Ондай күш болса, алдымен өзімді жарылқар едім ғой. Танысқан күннің ертеңіне қыздар танымай кетеді.

Әнуар. ЖөнПИ-дің бір қызы өзімді жақсы көреді деп жүр едің ғой?

Сайлаубек. Тс... тс... Айта көрме ешкімге! Ол қыз әшейін мазақтап жүр екен. Бір күні сабақтан шығуын күтіп тұрып, трамвайға дейін шығарып салып келе жатқанымда: «Сізді сүйемін, былай не тіп қосылуға болмас па екен» дедім. Ол: «Рақмет, қайным, менің

төртінші класта оқитын қызым, прокуратурада істейтін күйеуі бар» деп қарап тұр. Зәрем зәр түбіне кетті. «Хош болыңыз, қарын дас, күйеуіңізге айта көрмеңіз» дегенімде, сылқ-сылқ күліп қал берді.

Ә н у а р (*күліп*). Қатырған екен!... Бәрінен де төртінші класт оқитын баласы бар әйелді «қарындас» дегенің ұнайды маған.

С а й л а у б е к. Тс... тс... Айта көрме ешкімге! Қорқынышта ау зыма не түскенін білмеймін, кейін өзім де ұялдым... Және күйеу прокуратурада істейді деген не сұмдық!.. Достық ретінде айтып қоя йын, ондайлардан аулақ жүру керек.

Қолындағы тор қалтада тамақ салған кастрюлька, бір қолында фарфорда жасалған мысықтың бейнесі, шашын әшекейлеп, соңғы модамен киінген, ша мадан тыс боянған Марфуға кіреді.

М а р ф у ғ а. Привет знаменитому историку и фотографу!

С а й л а у б е к. Сәлем, носительнице передовой культуры!

Ә н у а р (*кекетіп*). Қазақстанда модалы киімдердің негізін қа лаушы десейші!

М а р ф у ғ а (*түсінбей*). Спасибо, хоть вы признаете меня культурный адам екенімді. Ал, байым «осы нарядыңды ұнатпай мын» дейді (*заттарын орындыққа қойып*). Ох, шаршалғандым.

Ә н у а р (*кекетіп*). Ұнатпаса, неге ұнатпайсың деп сұрамайсы ба?

М а р ф у ғ а. Айтады ие, мен деп айтады, мұндай одеждаларды сенен басқа ешкімнен көрмеген деп айтады.

С а й л а у б е к (*кекетіп*). Шаршалғандым отырғанда көп айтпа демейсің бе?

М а р ф у ғ а. Вечно вы меня кулестендер. Попробуй қатын болып мұндай күнде тамақ тасуға.

Ә н у а р. Марфуға, қалай қатын боламыз! Адамның қолына келмейтін іске жұмсайтының не?

М а р ф у ғ а. Мен өзім дура, зачем байға тидім.

С а й л а у б е к. Соны айтам-ау!..

Ә н у а р. Еркек боп жүре беру керек еді.

М а р ф у ғ а. Беда в том, любишь и все!

С а й л а у б е к (*кекетіп*). Жүрегім жаңа орнынан түсті-ау, Марфуға-ай! Шынымен әйел болып шықтық па деп қорқып кетіп едім.

Ә н у а р. Мен де солай ойлап қалдым.

С а й л а у б е к. Жәмиләнің тойы болайын деп жатыр. Барып көмектеспейсің бе?

Ә н у а р. Марфуға ондайға жоқ шығар.

М а р ф у ғ а. Нет, барам, еще успею.

Ә н у а р (*Марфуғаға*). Жүре ғой, сені троллейбусқа мінгізіп жіберейін. Өзім емтихан тапсыруға барам.

М а р ф у ғ а (*заттарын алып жатып*). Молодец, вот джентельмен.

Әнуар оның қолындағысын өзі алады да, екеуі де шығып кетеді.

С ай ла у бе к (өзіне-өзі). Сұңғаттың басына қонған дәулет те аз емес. «Марфуғаны тәрбиелеп шығарғанша шаш ағарар» деп бекер айтпайды, қайтсін. Маған да осындай біреу кездесіп сорлатпаса жарар еді-ау! (Біреуге көзі түсіп кетіп). Нағыз керек адам шығар! Келе жатыр.

Кеудесінде орден, медальдар, өзінше сәнді киінген Бекен кіреді. Сайлаубекті байқамай бір үйге танданып.

Б е к е н. Па, па, үй болғаныңа, сабаздар-ай, қалай салған. Өзі неше қабат-ай, шіркін, колхозға осындай бір үй салып алар ма еді. Әттең, қол қысқа-ау. Тіпті басынан құс ұшпайды екен.

С ай ла у бе к. Ассалаумағалейкүм, ата.

Б е к е н. Әлейкүмсәлем, балам.

С ай ла у бе к. Уәделескендей келуіңізді қарашы! Газетке суретіңізді түсіріп алуға рұқсат етіңізші!

Б е к е н. Таң атпай бір-екеуі келіп түсіріп алып еді, қайте бересіңдер, шырақтарым-ау?

С ай ла у бе к. Қажет, ақсақал, қажет. Мен басқа газеттенмін.

Б е к е н. Осы Алматыға келсек, қолдан-қолға тимейміз. Бір гажап!

С ай ла у бе к. Еңбек адамдары қайда болса да құрметті. (Бекенді орындықтан былайырақ алып келіп.) Осылай тұрыңыз. (Кейін шегініп аппаратына бір қарап.) Немножко левее! (Бекен түсінбей оңға қарай жылжиды.) Жо, жоқ, солға таман, солға таман! Стоп!

Б е к е н. Стобың қалай, тұр дегенің бе, жаным-ау? (Қозғалақтай береді).

С ай ла у бе к. Вот, вот, солай! (Түсіреді. Блокнотын алып.) Атыңыз? Фамилияңыз?

Б е к е н. Атым Бекен, фамилиям — Байболов.

С ай ла у бе к (жазып жатып). Менің бір жолдасымның да фамилиясы Байболов еді!

Б е к е н. Жүз саулықтан дүз жиырма бес қозы алдым, Жамбыл облысынан.

С ай ла у бе к (жазып жатып). Ол да Жамбыл облысынан.

Б е к е н. Аты Сапар емес пе? Университетте оқи ма?

С ай ла у бе к. Дәл өзі.

Б е к е н. Биыл бітіре ме?

С ай ла у бе к. Так точно.

Б е к е н. Точно болғанда өзі жазушы ма?

С ай ла у бе к. Аздап жазатыны бар.

Б е к е н. Ендеше, ол менің інім, үлкен ағайдан туған бала.

С ай ла у бе к. Вот здорово! Ағайын болып шықтыңыз ғой.

Б е к е н. Әлбетте, Сапаржанның жолдасы екенсіз, хош деңіз. Мына суретіңнің біреуін берсең, қалай болады, кемпіріме ала кетейін. Атың кім еді, балам?

С ай ла у бе к. Атым Сайлаубек, біреу емес, екеуін жасап берейін, ата!

Б е к е н. Мың бол, шырағым. Тиын-тебеніміз жеткілікті, ұялма, оның да шамасын айтып қой.

С а й л а у б е к. Ақсақал, мен сізге тегін беремін.

Б е к е н. О, мың бол, мың болғыр! Өзіме кездесе алмасаң, Сапаржанға бер, ертең барып алармын өзім. (*Төс қалтасынан сағатын алып.*) Ойбай-ау, әлгі жиналыстан кешігіп қалармын. Сау бол, шырағым. (*Жедел басып кете береді.*)

С а й л а у б е к (*өзіне*). Інісінің тойын біле ме екен? (*Бекеннің ізінше жүре беріп.*) Ақсақал, бүгін...

Б е к е н. Айтпақшы, Сапаржаннан сүйінші сұра, мен шығатын күні Сапаржанның үйіндегі келін ұл тапты!

(Асығыс кетіп қалады.)

С а й л а у б е к (*кілт тоқтап*). Мен, мен не естідім?.. Не дейді, Сапардың қатыны ұл тапты деді ме?

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ СУРЕТ

Ахметтің үйі. Үй жасауы мәдениетті. Стол үсті жасаулы. Шілдехана. Бала көтерген Раушан терең ойда.

Р а у ш а н (*өзіне-өзі*). Бұл қалай? Сапардың соңғы хаттарында салқындық сезіледі. Түсінбеймін. Мүмкін ол... Жоқ, жоқ, сенбеймін. (*Сергіп.*) Оқу да оңай емес, әлденеге ренжіп жүр ме екен, кім білсін. (*Баласына мейірлене қарап*). Папасының баласы да жылай ма екен? Әкең оқу бітіремін деп жанталасып жүргенде, сен ұялмай жылайсың, ә? Әкеңнің ойында бұрын тек мен болсам, енді сен қосылдың, оған кінә жоқ. Бір айдан кейін келеді. Танысасың екеуің. Алматыға барамыз. Сен де сонда оқисың. Әлде инженер, агроном боласың ғой шамасы. Кім боласың, айтшы.

Ішкі үйден Баршагүл шығады.

Инженер дейсің бе, онда өзің біл.

Б а р ш а г ү л. Жаратқан-ау, не деп жүрсің, келін-ау, ұйықтады ма?

Р а у ш а н. Инженер болам деп немереңіз ұйқтайтын емес, апа.

Б а р ш а г ү л (*жақындап, баланың бетін ашып*). О, көзіңнен айналайын жылтыраған. Дені сау болса, менің жаным инженеріңді айтасың, құдай қаласа, милиция да болып кетеді.

Р а у ш а н (*күліп*). Әй, апа-ай, сонда инженерден милиция мықты болғаны ма?

Б а р ш а г ү л. О не дегенің, жаным-ау! Баяғыда кіре тартып жүріп Рахымжан бір күнде милиция болып шыға келді де, осы отырған елді түгел биледі. Құдай берейін десе қиын емес.

Р а у ш а н (*күліп*). Солай-ақ болсын, енді ұйықтайды, апарып жатқызайын.

Кетеді. Қолында заттары бар Ахмет кіреді.

А х м е т. Кемпір, тамағың жақындады ма?

Б а р ш а г ү л. Бәрі болды. Ал сен бар ғой, шалым, алдыңғы жылдағыдай жұрт қауқаулағанға шыдамай тағы арақ ішіп, маскара болып жүрме.

А х м е т. Немене, ішем бүгін.

Б а р ш а г ү л. Айттым ғой, өстіп құдай ұрады сені.

А х м е т. Баяғыдан бері ұрса көзі көрмей жүр ме, ішем деген соң ішем.

Б а р ш а г ү л. Қой деймін енді өзеуремей, ішіп тыныш отырсаң, бір сәрі, өлең айтам деп күлкі болатының бар.

А х м е т. Ішемін. Өлең де айтамын, билеймін. Ал неғыласың?

Б а р ш а г ү л. О, кәрі түйе, ана сақалды қайтесің?

А х м е т. Сақал керек болса, саған берем. О несі-ай, «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба» деген екен біреу. Жалғызымнан немере көріп отырғанда ішпегенде, қайда ішемін? Әкеңді танытып қызыл арақтан саған да ішкізем.

Б а р ш а г ү л. Сөйтіп еліріп кететінің бар сенің. Өзіңмен өзің бол, менен аулақ.

А х м е т (*күліп*). Кемпір көнді деген осы.

Алексей кіреді.

А л е к с е й. Уа, тума қайырлы болсын, ақсақал. (*Қолындағысын Баршагүлге беріп, Ахметтің қолын алады.*)

А х м е т. Айтқаның келсін, қырма сақал.

Б а р ш а г ү л. Айтсын, шырағым, қуаныш ортақ.

А л е к с е й (*Баршагүлге*). Сәбидің денсаулығы қалай, шеше?

Б а р ш а г ү л. Шүкір аллаға. Босанған рахат екен жарықтық. Бір жетінің ішінде әп-әдемі бала болып қалыпты. Құданың құдіретімен қол, аяғы, иегі Сапаржаннан айнымайды. Мұрын жағы келінге тартып кетіпті.

А х м е т. Сапаржанның мұрны саған ұқсаса да ешкімнен кем боп жүрген жоқ.

Б а р ш а г ү л. Мені қағытудан басқа кәсібің болмасын.

А л е к с е й. Сапар ұлды болғанын естіді ме?

А х м е т. Келін босанған күні Бекен Алматыға сауешенияға кетті ғой, содан әлдеқашан естіген шығар. Бірақ қазір ығзам беріп жүр, келе алмас.

Б а р ш а г ү л. Бір кереметі келін босанған күннен бастап, Алексей-ау, алдын жұрт бермеді. «Баланың денсаулығы қалай», «Раушанның халі қалай?» деп келмеген бірде-бір колхозшы жоқ. Ең ар жағы жеке батыр айдайтын Микайла да әйелімен «Раушан как чостить, бала как чостить» деп екі рет келіп кетті. Келінімнің жұртқа қадірлі екенін сонда білдім.

А л е к с е й. Онда сөз бар ма, шеше.

А х м е т (*маңыздана*). Ал, Алексей шырағым, бір атаның ұлы едің, мына немеремнің атын бүгін өзің қой. Тумасақ та туғандай болып кеттің, енді ойлана бер.

А л е к с е й. Сенім білдіргеніңізге рахмет, ақсақал. Бірақ, қойған атым ұнамай қалып жүрсе.

А х м е т. Ұнамайтын несі бар. Қазақ Итбай, Көтібар атанып та күн көрген.

А л е к с е й. Итбаев, Спырбаев дегендер бізде де болған.

А х м е т. Ендеше сол атта не тұр. Дені сау, бақытты, өмірі ұзақ адам болса болды да.

Тапал кіреді.

Т а п а л. Ассалаумаликүм, ақсақал, бауы берік болсын немере-ңіздің. Саламат па, Алексей. *(Екеуімен де қол алысады.)*

А л е к с е й. Ақсақал, тың бидайын жинаудағы еңбегі үшін Тапалды еңбек еріне ұсынып отырмыз.

А х м е т. О, айналып кетейін. Қайырлы болсын, тойдың үлкені сенде екен ғой.

Т а п а л. Қайдам, қиратқан ешнәрсем жоқ сияқты, жұртпен бірдей еңбек еткенім болмаса.

А х м е т. Дұрыс, балам! Игілігімен берсін. Бірақ Алтын жұлдыз алған соң, Дүкенбай сияқты арақты ішіп алып, көрінгенге ақыл айтып жағаласудан сақ бол.

Раушан кіреді.

Р а у ш а н. Ата, қонақтарыңызды бақшаға апармайсыз ба?

А х м е т. Ойбай-ау, есімнен шығып кетіпті, балалар, кәне, жүріңдер, балалар.

Т а п а л. Өзіңіз де жүріңіз, Раушан.

Р а у ш а н. Бара беріңіздер. Мен шамалыдан кейін.

Ахмет, Алексей, Тапал кетеді. Аздан соң Ахмет қайтып шығады.

А х м е т. Сапаржаннан әлі делеграмм келмеді, ә?

Б а р ш а г ү л. Делеграмм түгіл, хат та келетін уақыт болды ғой. *(Раушанға жақындап.)* Почта қызды көре алмадым бүгін. Хатнат болса соғады ғой әлі. Ренжімеші, жаным.

Р а у ш а н *(жайдарылана)*. Неге ренжиін, апа, қазір емтихан уақыты. Қолы тимей жүрген шығар.

Борангүл бастаған бір топ қыз-келіншек, жастар келеді. Амандасу, құтты болсын сөздер айту.

Б о р а н г ү л. Екі рет бардым больницаға, ана бетбағың кіргізбеді. Ұл тапты дегенде өзім тапқандай қуандым. Келші бері. *(Құшақтайды.)* Осы ақ көңілдігімнен өлетін болдым. Екі күн жұмысқа шықпадың деп былтыр еңбегімді кеміткенде де ренжіген жоқпын. Правлениеге де апардың. Нешеуа, Борангүл, тірі болса талай еңбек күн табады.

Р а у ш а н *(күліп)*. Ренжігенің рас, оның несін жасырасың. Менің әділ екенімді өзің білесің ғой.

Б о р а н г ү л. Ол әділдік емес, қаталдық. Енді ана болдың, мінезің жұмсаратын шығар, солай емес пе, шешей?

Б а р ш а г ү л. Келінжан-ау, үш бала тапқан сенің мінезің әлі баяғы қалпында, бір бала тапқан Раушанға не сын бар.

Б о р а н г ү л. Ойбай-ау, шешей-ау, үшеуі де қыз ғой.

Бәрі үйге кіреді

А х м е т. Ал, жігіттер, ыдыстарыңа құйып алыңдар! Қымыз ішетіндерің бері шығыңдар. Жасыратыны жоқ, өзім Алексеймен соғыстырып араққа басам. Оның мынадай себебі бар. Мына дүниеге келген немеремнің атын, үлкен атаның ұлы — Алексей қойсын деп отырмын. Қарсылықтарың жоқ қой.

Б ә р і. Жоқ, жоқ, әбден дұрыс.

Т а п а л. Алексей, мықты бол, кәне сөйле.

А л е к с е й. Мықты болғанда өзі былай. Ең алдымен, маған осынша сенім білдіріп, құрмет көрсеткені үшін ақсақалға, үлкен шешейге бар жаныммен рахмет айтамын. Екіншіден, қазақ халқы балаға ат қойғанда өмірде болып жатқан үлкен бір оқиғаға байланыстырады екен. Қазір республикамыз тың көтеріп, өткен жылы миллиард пұт астық беріп, дүние жүзін таңдандырды.

Б а р ш а г ү л. Онда Миллиардбек қойсақ қайтеді?

А л е к с е й. Осындай үлкен оқиғаның тұсында Раушан бізге бір замандас әкелді. Сондықтан замандасымыздың аты Тыңберген болса деймін.

Б ә р і. Ура, тамаша! Тыңберген үшін!

А х м е т. Рахмет, жаным, ойымнан шықтың.

А л е к с е й. Ал ендеше, сол Тыңбергеннің өмірі бақытты болуы үшін тартып жіберейік. *(Бәрі соғыстырып ішеді.)*

Т а п а л. Радионы қойып жіберші. Тыңбергеннің құрметіне қандай ән беріліп жатыр екен. *(Тапал радионы бұрап қояды.)*

Д и к т о р... дегендер бізге жат қылықтар. Социалистік семья Отанның бір бөлегі. Біздің Отан — семьялардан құралады. Семьясын сүйіп, семья бірлігін сақтаған адам, ол Отанға деген үлкен махаббаттың да иесі екендігіне күмән жоқ. *(Аз үзіліс.)*

Т а п а л. Тыңбергенге айтылған ақыл.

А л е к с е й. Бұл бәрімізге де ортақ ақыл.

Д и к т о р. Сіздердің тыңдағандарыңыз Қазақтың Киров атындағы университетінің филология факультетінің бесінші курс студенті Сапар Байболовтың «Семья — Отан» деген мақаласы. Оқыған — автор.

А х м е т. Айналайын, айналайын, біздің Сапаржан екен ғой.

Р а у ш а н *(қуанып)*. Дәл өзі, ата.

Б а р ш а г ү л. Құдай-ау, десейші, энеугүні де бір несін ортан белінен тыңдадық.

А л е к с е й. Молодец, Сапар. Ал енді сәбидің анасы мен жаңағы сөздің авторы Сапардың денсаулығы үшін ішеміз. *(Бәрі құя бастайды, почташы қыз жүгіріп кіреді.)* Сапардан телеграмма. *(Баршагүл алып Тапалға береді.)*

Б а р ш а г ү л. Оқы.

Т а п а л *(телеграмманы өзі оқып)*. Жаңа семья бірлігі деп қақсап жатыр еді, мынауы несі. *(Жұрт аң-таң.)*

А х м е т *(ашулы)*. Дауыстап оқы деймін.

Т а п а л *(оқиды)*. «Бірнеше рет сезетіндей етіп хат жазып едім, түсінбепсің. Амал не, кешір. Мен мұнда үйлендім. Сапар».

А х м е т. Не дейді мынау.

К е л і н ш е к. Бетім-ау, не масқара.

Б а р ш а г ү л. Алла-ау, сақтай гөр. (*Бәрі аң-таң.*)

Раушан телеграмманы алып, бетіне басып отыра кетеді.

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

ҮШІНШІ СУРЕТ

Сұңғат пен Марфуға тұратын бөлме. Түс мезгілі. Оң жақта жиналмаған төсек. Бөлменің орта шенінде жазу столы. Қабырғаға шағын кілемше тұтылған. Одан жоғары жағында үлкейтілген Марфуғаның суреті. Этажеркада кітаптар, оша-далап сауыттары, радиоприемник, айна, босаға жақта ширма, шағын буфет. Аздан соң Сұңғат кіреді. Қолтығындағы кітаптарын стол үстіне қойып, Марфуға жазып кеткен бір жапырақ қағазды дауыстап оқиды.

С ұ н ғ а т. «Я пошла домой. Скоро вернусь, смотри кетіп қалма! Целую, Маро». (*Басын шайқап.*) Е, үйленгенде көрген ұжмақтың түрін қара?.. Ең ар жағы тамақты да басқа үйден тасып ішуге дағды алдық. Ақыры немен бітер екен?.. (*Төсекті иегімен нұсқап.*) Мына поэзия да жуырда пайда бола бастады. (*Сырттан «Сұңғат, телефонға» деген әйел дауысы естіледі.*)

Сұңғат кетеді. Марфуға кіреді. Үйде ешкімнің жоқ екенін байқамай сөйлейді.

М а р ф у ғ а. Остановкадан встречать етуді де окончательно ұмыттың, жап есікті. (*Жан-жағына қарап.*) Куда муж исчез?.. (*Айнаға айнала қаранып.*) Бедная Маро, хуdeerшь! (*Сұңғат кіреді. Марфуға оған дүрсе қоя береді.*) Қандай сен все-таки ашық ауызсың. Үйде адам жоқ, он пошел звонить, как это вам нравится.

С ұ н ғ а т. Үйді біреу арқалап кетеді дейсің бе?

М а р ф у ғ а. Жаңа коридорда ауыл адамдары жүр. Олар мелочник келеді. Былтыр біздің үйде болған усатый колхоз председатели карта ойнап отырып, папамның именной авторучкасын ұрлап кетті емес пе?

С ұ н ғ а т. Папаң да есесін жіберген жоқ, бір-екі сағаттың ішінде елу төрт сомын қағып алды.

М а р ф у ғ а. Жаңағылардың бірі үйге кіріп, Зинадан алған «Бродяга» пластинкасын қойнына тығып кеткенде, я бы посмотрела на тебя...

С ұ н ғ а т (*кекетіп*). Астанаға әдейі сол үшін келіп пе?

М а р ф у ғ а. Хватит, кесірленбе! (*Төсекті иегімен нұсқап.*) Ананы жинай салуды не мог что ли?

С ұ н ғ а т (*төсекті жинастырып жатып.*) Су тасып, төсек жинаудан жағдай жақсарса, өкініш жоқ... Бірақ бұлардың көмегі шамалы. Жәмиләнің тойына апаратын ешнәрсе алдың ба?

М а р ф у ғ а. Міне подарка. (*Мысықтың бейнесін көрсетеді.*)

Сұңғат. Денің сау ма, шырағым-ау!.. «Туыстарыңның әкелген подаркасы мынау» деп, жұрт күледі ғой. Жоғалт көзін пәлеңнің!

Марфуға. Во-первых, ты не учи меня, во-вторых, это очень оригинально, потом сен білесің бе, біздің свадьбамызға сол туыстарың не әкеліп еді, Сұңғат?

Сұңғат. Екеуімізге екі киімдік отрез, самовар, кілемше, саған аз ба?

Марфуға. Потому что они шишки, а сен кімсің? Студент? Сенің туысың үшін папамнан ақша сұрауым керек пе? И так сені не любят они.

Сұңғат. Мені ұнатпайтынын өзім де білемін. Олардан сұра деген мен де жоқ. Кешегі үйден келген ақша осы тойға арналған.

Марфуға. Я уже половину истратила.

Сұңғат. Жаным-ау, ескертіп едім ғой.

Марфуға. Ну и что же ескертсең, ательеден платьемды алу керек пе, жоқ па?

Сұңғат. Әрине, алу керек...

Марфуға. Вот и все. *(Ойланып.)* Қазір барам да набор «Голубой ларец», нет, нет «Серебристый ландыш» алам. Который из них лучше?

Сұңғат. Ол бәлелеріңнің біріне де түсінбеймін.

Марфуға. Модный духилар.

Сұңғат. Мейлі, жұрттың алдында ұялсаң, сен ұяласың.

Марфуға. Неге?

Сұңғат. Жеңгесі сараң екен дейді.

Марфуға. Что такой сараң?

Сұңғат. Марфуға скупая болып шықты дейді.

Марфуға. Мен бе скупая? Я это не позволю.

Сұңғат. Тек духи апарсаң, солай деуіне сөз жоқ.

Марфуға. Ах так, на зло всем куплю золотые часы, отрез на платье.

Сұңғат. Көп болып кетпей ме?

Марфуға. Нет, нет. Мен магазин кірем, потом пообедаем.

Сумкасын алып шығып кетеді. Шыға бергенде Сапармен соқтығысып қайта кіреді.

Сұңғат *(өзіне өзі)*. Мақтаншағым-ай, осындай арқаң бар-ау! *(Төсекті жинастыра бастайды.)*

Сапар. Сәлем, достар.

Марфуға. Жәмилә қайда? Екеуіміз ательеге баруымыз керек еді. Бастығы папін старый знакомый, внеочереди обещал сделать.

Сапар. Келу керек.

Марфуға. Ждите, я пошла.

Кетеді.

Сапар *(қулана Сұңғатқа)*. Жаңа тұрып жатырсындар ғой мүлде!

Сұңғат *(абыржып)*. Жалаңыздан аулақ, мен консультациядан

келіп отырмын. Марфуға асығып төсек жинамаған екен, соны баяғы... Отыр! *(Орындық ұсынады.)*

Сапар. Әшейін әзіл ғой. Жолай профессор Ақылбаевпен кездесіп, аспирантура жайын сөйлестім. Ол кісі біздің елдікі ғой, көмектесемін деді.

Сұңғат. Сен аспирантураға көмексіз-ақ түсе аласың.

Сапар *(леніріп)*. Әуелі университетті бір бітіріп алайын, сонсоң қарап тұр, Сұңғат! Әдебиет аспанына қалай шарықтар екем! Және мықтының творчествосы жөнінен диплом жазып, тамырды біраз жуандатып тұрмын ғой. Бір сөзінде «талап зор екен, жігітім, әуелі көлемді мақала етіп, журналға ұсын, кейін диссертацияға айналдыр, өзім де басшыларыңа айтармын» деп салды.

Сұңғат. Сен диплом қорғайтын күні келем деді ме?

Сапар. Келгенде қандай! Өзі ғажап кісі ғой. Мақтағанды кім жек көреді дейсің. Мен де сілтедім-ау. «Әдебиетіміздегі алып тұлға, поэзиямыздың мақтанышы» деп басталатын жерінде, басын изеді де отырды. Не керек, бөрттіріп-бөрттіріп жіберген жерлерім бар. Аяймын ба, тілді де безедім, теңеуді де төктім.

Сұңғат. Сапар, осындай жеңіл айлаға үйір болып барасың. Сөзіңнің басы «біздің елдік, айтқанымнан шықпайдыдан» келеді. Сені мен маған бұл жараспайды.

Сұңғат. «Өзіңнің қыран екеніңді білмесең, қияға қонба» депті ғой бір ақыл иесі. Оқыған біздің өмірге көзқарасымыз былай болса, не болмақ дүние?

Сапар. Қойшы, сен де қара аспанды төндірмей. Бұрын жолдас едік, енді туыс болғалы тұрмыз. *(Сөзді бұра.)* Жәмилә ғажап қыз емес пе, шыныңды айтшы, Сұңғат?

Сұңғат *(күрсініп)*. Туыс болған соң мақтады деме, ондай жақсы адамға жар болу бақыт. Бізді айтсайшы мынау!

Сапар. Немене, сен он ай отаспай жатып сарнай жөнелгенің? Марфуға менің жарым болсын дейтін қазақтың құралай көзінің өзі емес пе?

Сұңғат. Көкірек көзі ашық болмаған соң, құралай көзден не пайда?

Сапар. Біреудің жалғыз, аздап еркелеу өскен шығар, онда не тұр?

Сұңғат. Еркеліктің де орны бар ғой.

Сапар. Ертең екеуің де оқуды бітіресіңдер, бәрі де орнына келеді. Сұңғатовичтер дүниеге келген соң, еркелік базары еріксіз тарқайды.

Сұңғат. Тарқаса да қалжыратып барып тарқар.

Сапар. Татулықтарыңда мін жоқ еді, қара мысық қашан өтіп жүр?

Сұңғат. Шешесі «колхозшының баласына тидің, ертең елге алып кетеді» дейтін көрінеді. Мен аспирантурада сырттан оқимын, елге барам деп жүрген жоқпын ба? Сонымен бас екеу болғанмен дау төртеу болып тұрған жай бар.

Сапар. Тойларыңда да шешесінің мінезін ұнатпап едім. Өзім де сеземін-ау бір пәлені.

С ұ н ғ а т. Ендеше қателеспеген екенсің.

С а п а р. Дегенмен, әңгіме екеуінде. Өздерің мықты болсаңдар, бітіп жатыр.

Марфуға кіреді.

М а р ф у ғ а (*қолындағы ораулы заттарын қойып*). Уже купила, давайте тамақ ішеміз. (*Кастрюльканы алып шығып, тарелкаларға қарап, Сұңғатқа.*) Тарелкаларды сполоснуть ете салмайсың ба?

С ұ н ғ а т. Есімде болмапты.

М а р ф у ғ а (*өзі алып ширманың ішінде жуып жатып*). Вечно есіңде болмайды. Прямо надоело. Жаңа бір подругам кездесіп: «похудела, надо за собой следить» деп упрекать етті. (*Бәрі тамаққа отырады.*)

С а п а р (*сөзді бұрып*). Маро, өз оқуың қалай?

М а р ф у ғ а. Так себе. Недавно по русскому языку вон ту самую получила.

С а п а р (*бес саусағын көрсетеді, Марфуға басын шайқайды. Біреуін жұмады, басын шайқайды, екеуін жұмады, екі саусақ қалғанда басын изейді.*) Сен орысшаға келгенде бізді он орап алатындай едің ғой?

С ұ н ғ а т. Грамматикадан жібі босаңдау болып шықты.

М а р ф у ғ а. Преподавателіміз несерьезный адам, ужасно сөйлейтін, елден келген Бейсенова дейтін қызға четверка қойды. Қалада өсіп, өмірі орысша сөйлейтін маған двойка, смешно даже!

С а п а р. Тіл маманы болған соң оның бар сыр-сипатын меңгеру керек.

М а р ф у ғ а. Ну хорошо! Заниматься етсем, орыс грамматикасын какнибудь білуге болады. Ал, қазақ тілімен миды ашытқаны, просто не терпимо!..

С ұ н ғ а т. Орыс тілі мен әдебиетін жақсы білсең арман жоқ қой! Бірақ сен екеуінен де құралақан қала ма деп қорқам. Кейде «Ревизорды» Пушкин, «Капитан қызын» Гоголь жазды деп былықтыратының бар.

С а п а р. Қазақ мектебінде орыс тілінде сабақ жүргізесіңдер ғой, сондықтан қазақ тілін білу шарт.

С ұ н ғ а т. Сонымен Марфуға екеуін де жақсы білетін болды.

М а р ф у ғ а. Однако есіңде ме?.. Мы с тобой в любви объяснялись на русском языке.

С ұ н ғ а т. Біразын қазақша да айттым ғой.

М а р ф у ғ а. Білем, білем, қанша қазақша айттың.

С а п а р. Мен жанашыр жолдас ретінде айтам, оқу бітірген соң, сені ел арасына қызметке жібереді дейік. Оған бәріміз де барамыз. Қала мәдениетін ауылға жеткізетін мына біздер. Сонда қазақтың кемпір-шалымен тілмаш арқылы сөйлесесің бе?

М а р ф у ғ а. Во-первых, мен өлсем де елге бармаймын. Во-вторых, по несчастному случаю бара қалған күнде мені түсінеді.

Сұңғат. Да будь я
и негром преклонных годов
и то без унынья и лени
я русский бы
выучил только за то,
что им разговаривал Ленин.

Марфуға. Вот мен де хотела это сказать.

Сапар. Бұның өте дұрыс. Сонымен қатар өз әдебиетіңді, өз тіліңді білгеннің несі жат?

Марфуға. Қазақ литературасын более-менее знаю. Например Ботакөзді оқыдым. Первая книга роман «Абая» давно білем. Еще что, «Солдат из Западного Казахстана», ну вот где Костя работает парикмахером.

Сапар (*күліп*). Кітаптың аты Запад, Восток емес, просто «Солдат из Казахстана» ғой.

Марфуға. Ну что ж. Она жігіт из Западного Казахстана.

Сұңғат. Дұрыс, бұған да шүкір, айта бер.

Марфуға (*ойланып*). Енді «Қаргаленканы» оқимын.

Сапар. Нені? Ондай бар ма еді, жаным-ау?

Марфуға. Извиняюсь, «Уголь Караганды».

Сапар (*кекетіп*). Әдебиетті көп оқығаныңа қуанам. Ал тіл үйренем десең, жаңағыларды түп нұсқадан оқы.

Марфуға. Бұл моральді ғашығың Жәмиләға айтарсың.

Сұңғат. Жәмилә ешкімнің ақылынсыз-ақ оқып, біліп жүрген адам.

Марфуға. Ну и хорошо!

Сапар. Ол өте ойлы, саналы қыз.

Сұңғат. Екеуі тең.

Марфуға. Әкесі шишка!

Сапар. Әңгіме онда емес қой, Марфуға! Жүректе, жүректе!

Марфуға. Қойыңдаршы, сендерде жүрек бар ма? Наверно как соленый огурец. (*Есік қағылады.*) Вот она Жәмилә. (*Марфуға есікке қарай жүгіреді. Сапар айнаның алдына барып, галстугін жөндеп, қабағын сәл шытып, байсалды кейіпке енеді. Әнуар кіреді.*)

Марфуға. Сен бе едің, я думала Жәмилә.

Әнуар. Сәлем сократтарға!

Сапар (*баяғы қалпына түсіп*). Әй, Әнуар-ай, сонша дүрлік-тіріп...

Әнуар. Не боп қалды?

Сұңғат. Сапар Жәмилә шығар деп айнаға тұра жүгіріп еді.

Әнуар (*Сапарды кекетіп*). Қыраным-ай, күтіп отыр екенсің ғой. Әй, ғашықтық, қайтейін сені. (*Жақындап бетін тосып.*) Көзіңді жұм-дағы «Жәмилә» деп бетімнен бір сүйе ғой!

Сапар (*ұнатпай, итеріп*). Сен қыраным, сұңқарым дегенді таста.

Әнуар. Онда жапалағым бола ғой.

Сапар. Осы қалжыңды қашан қоясың?

Әнуар. Бұл жетіжылдықта қаралмапты, шыдай тұрасың да.

Сұңғат. Өзің көңілдісің ғой, бүтін?